

1. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты популяцияда аурудың кездесу жиілігін анықтау болуы мүмкін, сондықтан оны жиі былай: prevalence-study – таралуын зерттеу деп те атайды
  - A) нақты нәтижелері бар РБЗ
  - B) когортты зерттеу
  - C) мета-анализ
  - D) нақты нәтижелері жоқ РБЗ
  - E) жүйелік шолу
  - F) бір сәттік зерттеу
2. Адамдар қатысуымен зерттеулерді жоспарлайтын, халықаралық, этикалық және ғылыми стандартына сай жүргізетін ұсыныс
  - A) тиісті клиникалық практика
  - B) сараптама
  - C) үрдіс өлшемі
  - D) сапаның мониторингі
  - E) фармакоэкономика
  - F) тәуелсіз сараптама
3. “or” (немесе) операторы қолданылады
  - A) іздеуді тарылтады (қысқартады)
  - B) іздеуді кеңейтеді
  - C) іздеуді туралайды
  - D) іздеуді өзгертпейді
  - E) іздеуді өзгертеді
  - F) іздеуді анықтайды
4. Дәстүрлі ем қабылдайтын топ, немесе ем қабылдамайтын топ, немесе плацебо қабылдау арқылы сыналатын топ
  - A) комплайнс
  - B) алтын стандарт
  - C) жергілікті халық
  - D) жоғарғы қауіп тобы
  - E) қауіп тобы
  - F) бақылау тобы
5. «Когнитивтік бұзылыстары бар жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауына антидепрессанттардың әсері бар ма», - атты клиникалық сұрақтақтың – «i» (intervention) компоненті болып келеді
  - A) "i" компоненттінің болмауы
  - B) өз-өзіне қол жұмсау қауіпі
  - C) жасөспірімдер
  - D) жасөспірім арасында өз-өзіне қол жұмсау
  - E) когнитивтік бұзылыстар
  - F) антидепрессант қолдануы

6. Сыналатын адам зерттеуге енгізілер алдында қажетті құжат
- A) бас зерттеуші мен емдеуші дәрігердің рұқсатымен алынған ерікті хабардар етілген келісім
  - B) емдеуші дәрігердің рұқсатымен алынған ерікті хабардар етілген келісім
  - C) бас зерттеушінің рұқсатымен алынған ерікті хабарлар етілген келісім
  - D) бас зерттеуші, емдеуші дәрігердің, ғылыми зерттеулер саласындағы сарапшының рұқсатымен алынған ерікті хабардар етілген келісім
  - E) зерттеу материалдарымен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін алынған ерікті хабардар етілген келісім
  - F) бас зерттеушінің, емдеуші дәрігердің, ғылыми зерттеулер саласындағы сарапшының рұқсатымен алынған зерттеу хаттамасы
7. Клиникалық сұрақ түсінігіне жатады
- A) сұрақ тек құнын азайту негізінде қарастыру
  - B) сарапшының пікірі
  - C) клиникалық нәтижелеріне назар аудару
  - D) қойылған сұраққа дәлелденетін жауап іздеу
  - E) клиникалық тәжірибе негізінде шешім қабылдау
  - F) дәрігер мен науқас арасындағы байланыс
8. Рандомизирленген бақыланатын зерттеулер шынайы өткізуінің негізгі қағидасы
- A) салыстырмалы топтың болуы
  - B) кездейсоқ әдіспен таңдауы
  - C) зерттеу нәтижелерін жариялау
  - D) зерттеуге қатысушыларды оқыту
  - E) зерттеуге қатысушылардың ем алуы
  - F) соқырлату әдісін қолдану
  - G) тәжірибелі зерттеушілерге қарату
9. Сауалнама – бұл психометриялық құрал әдісінің үлгісі
- A) адамның педагогикалық жақтарын бағалау үшін құрастырылады
  - B) адамның психологиялық жақтарын бағалау үшін құрастырылады
  - C) адамның гигиеналық жақтарын бағалау үшін құрастырылады
  - D) адамның анатомиялық жақтарын бағалау үшін құрастырылады
  - E) адамның этикалық жақтарын бағалау үшін құрастырылады
  - F) адамның физиологиялық жақтарын бағалау үшін құрастырылады
10. Клиникалық сынақ ғылыми негізделген, толық және анық сипатталуы тиіс құжат
- A) зерттеу мәлімдемесінде
  - B) клиникалық практикалық басшылығында
  - C) зерттеу жазбасында
  - D) сараптамалық қорытындыда
  - E) зерттеу хаттамасында
  - F) зерттеу мәлімдемесінде және қорытындыда